

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті»

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы

Сабақтың тақырыбы:

Кәсіби этика.

Іскерлік қарым-қатынас әдебі.

Дәріс оқушы: доцент Қалыбекова Қаламқас Сағындыққызы

Қ а р а ғ а н д ы , 2 0 2 5

01

Қайырлы күн, құрметті студенттер!

Бүгінгі сабағымызды бастаймыз.

Сабақтың тақырыбы – Кәсіби этика. Іскерлік қарым-қатынас әдебі. Сабақ барысында біз негізгі ұғымдармен танысып, тәжірибелік тапсырмалар орындаймыз.

Назар қойып тыңдауларыңызды сұраймын!

Сабақтың мақсаты:

Кәсіби этика мен іскерлік қарым-қатынас әдебінің мақсаты – жұмыс орнында, ұйымдар арасында және кәсіби ортада сенімді, әділ әрі мәдениетті қатынасты қалыптастыру.

Іскерлік дағдыларын қалыптастыру, кәсіби этика жөнінде мағлұмат беру. Білім алушылардың оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым әрекеттерін іске асырып қолдану.

Кәсіби-іскерлік қарым-қатынасты қамтамасыз ету. Мамандыққа қатысты білімдерін дамыту, кәсіби тілде ойлау, коммуникациялық қабілеттерін арттыру.

Мамандыққа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, адамгершілік қасиеттерін жетілдіру.

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыз.

Қазіргі қоғамда кез келген маманның кәсіби шеберлігі тек білім мен тәжірибемен ғана өлшенбейді. Маманның жұмыс барысында өзін ұстау мәдениеті, қарым-қатынас әдебі, кәсіби этикасы – оның табысты болуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі.

Әдептілік пен іскерлік қатынас ережелерін сақтау арқылы маман өзінің беделін нығайтып қана қоймайды, сонымен қатар ұйымның да абыройын арттырады.

Кәсіби этика – қызметкердің күнделікті іс-әрекетінде ұстанатын адамгершілік қағидаларының жүйесі. Ол адалдық, әділдік, жауапкершілік, сыйластық секілді құндылықтарды қамтиды.

Ал іскерлік қарым-қатынас әдебі – кәсіби ортада адамдардың өзара қатынас орнату мәдениеті. Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты, себебі кәсіби этикасыз іскерлік қатынас мәдениетті болмайды.

03

Мәтіннің жалғасы:

Кәсіби этика – әрбір маманның өз мамандығына деген адалдығы мен жауапкершілігінің көрсеткіші. Ол еңбек процесінде шыншылдықты, әділдікті, адал еңбекті талап етеді.

Кәсіби этиканың негізгі мақсаты – ұжым ішінде сенімді атмосфера қалыптастыру, қызметкерлердің бір-біріне құрметпен қарауын қамтамасыз ету және жалпы қоғамға пайда әкелетін мәдениет қалыптастыру.

Мысалы, дәрігердің кәсіби этикасы – науқасты емдеуде адалдық пен жауапкершілікті сақтау болса, мұғалімнің этикасы – білімді әділ бағалап, шәкірттерге үлгі болу.

Ал инженер немесе менеджер үшін кәсіби этика – өз жұмысына адал болып, техникалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, әріптестеріне көмектесу.

Мәтіннің жалғасы:

Кәсіби этика қоғамдағы жалпы мәдениеттің деңгейін көрсетеді. Егер әрбір маман кәсіби әдепке сай әрекет етсе, қоғамда әділдік, адалдық және сенім күшейеді. Искерлік қарым-қатынас әдебі.

Искерлік қарым-қатынас әдебі – адамдардың кәсіби ортада өзара байланыс орнатуда ұстанатын мәдени нормалары мен ережелері.

Бұл тек әдемі сөйлей білу емес, сонымен қатар тыңдай білу, сыпайы жауап беру, келіссөз жүргізуде төзімді болу, келіспеушіліктерді мәдени жолмен шешу сияқты қасиеттерді қамтиды.

Мәтіннің жалғасы:

Іскерлік қарым-қатынас әдебінің мақсаты – кәсіби ортада сенімділік пен өзара сыйластық орнату. Бұл ережелерді сақтаған маман әріптестерінің сеніміне ие болып, ұйым ішінде де, сыртқы серіктестермен де нәтижелі байланыс орнатады.

Іскерлік қарым-қатынас әдебіне мыналар жатады:

- ❖ ресми кездесу мен келіссөздерде әдеп сақтау;
- ❖ сөйлеу мәдениетін жетілдіру;
- ❖ хат алмасуда ресми стильді қолдану;
- ❖ дау-дамайды өркениетті жолмен шешу;
- ❖ уақытты тиімді пайдалану және өзгелердің уақытын бағалау.

Мәтіннің жалғасы:

Негізгі мақсаттары мен міндеттері. Сенім орнату — әріптестер мен серіктестер арасында сенімді қарым-қатынас құру.

Әділдік пен адалдықты сақтау — кәсіби шешім қабылдауда ашықтық пен әділеттілік таныту. Жеке және ұйымдық беделді қалыптастыру — маманның кәсіби имиджін және компанияның абыройын көтеру.

Ұжымда бірлік орнату — ортақ мақсатқа жету үшін ынтымақтастықты арттыру.

Келіспеушіліктерді мәдени жолмен шешу — дау-дамайды эмоциясыз, сыпайы түрде реттеу. Жаһандық мәдениетке бейімделу — халықаралық серіктестік барысында әртүрлі елдің іскерлік мәдениетін құрметтеу.

07

Мәтіннің жалғасы:

Кәсіби этика мен іскерлік қарым-қатынас әдебінің маңызы күнделікті өмірде айқын байқалады. Мәселен, іскерлік кездесуде немесе ресми келіссөздерде сыпайылық сақталмаса, серіктестік бұзылуы мүмкін.

Ал керісінше, этикаға сүйеніп әрекет еткенде, жаңа мүмкіндіктерге жол ашылып, сенім артады. Ұжым ішіндегі этикалық нормаларды сақтау қызметкерлердің бір-біріне сыйластықпен қарауына ықпал етеді. Бұл жұмыс өнімділігін арттырып қана қоймай, әр адамның кәсіби және жеке дамуына жағдай жасайды.

Кәсіби этика мен іскерлік қарым-қатынас әдебі — табысты қызметтің басты кілті. Әдеп нормаларына сүйенген маман әрқашан ұжымда құрметке ие болады, ұйымның беделін арттырады және қоғамға пайдасын тигізеді.

08

Мұқағали және кәсіби этика

Адалдық пен шыншылдық. Мұқағали: «Шындықты айтам, шындықты айтпай қайтейін» – бұл өлең жолдары кәсіби этиканың басты қағидасы – шыншыл болу мен адал қызмет етуге үндейді. Кәсіби ортада өтірік, жалған ақпаратқа орын жоқ.

Жауапкершілік. Ақын өзінің өлеңдерінде қоғам алдындағы жауапкершілігін жиі айтқан. Ол үшін өлең жазу – тек өнер емес, халық алдындағы борыш. Бұл қазіргі мамандар үшін де маңызды: әр істеген ісіне жауап беру кәсіби этиканың негізі.

Қасым Аманжолов және кәсіби этика

Адалдық пен турашылдық. Қасымның атақты сөзі: «Өзім – қазақ, өз елім – Қазақстан» – туған жерге, еліне адалдығының белгісі. Кәсіби этика тұрғысынан бұл – маманның өз қызметіне, Отанына адал болуы.

Жауапкершілік. Ақын соғыс жылдарында майданда жүріп, жауынгерлік парызын адал атқарған. Оның шығармаларындағы ерлік рухы – кәсіби этикадағы борыш пен жауапкершілікті айқын көрсетеді.

Әділдік пен қайсарлық. Қасымның «Дауылдай екпіндеймін, Жолымды бөгей көрме!» деген өлең жолдары – әділетсіздікке төзбеу, әділдік үшін күресу. Бұл қасиет кәсіби қарым-қатынастағы турашылдық пен әділ шешім қабылдауға үндейді.

Қасым Аманжолов және кәсіби этика

Сенім мен ынтымақтастық. Соғыс кезіндегі жырларында ол жауынгерлер арасындағы достықты, серіктестікті жырлайды. Бұл іскерлік қарым-қатынастағы сенім мен бірлікке үндейді.

Имидж және бедел. Қасымның «Дүниеде сірә сендей бар ма, Қазақстаным!» сияқты жалынды жырлары – ел алдындағы адалдығы мен өз беделін халық жүрегінде қалдыруының көрінісі.

Қасым Аманжолов шығармашылығы – ерлікке, әділдікке, адалдыққа, жауапкершілікке құрылған. Бұл құндылықтар кәсіби этика мен іскерлік қарым-қатынас әдебінің басты мақсаттарымен сәйкес келеді. Оның поэзиясы – мамандарға рухани бағдар беретін, адал қызмет етуге шақыратын әдеби үлгі.

2-тапсырма. Мәтін бойынша берілген сөздер мен сөзтіркестерін аударыңыз.

- ❖ этика —
- ❖ Кәсіби этика —
- ❖ әдеп —
- ❖ Қарым-қатынас —
- ❖ Іскерлік қарым-қатынас —
- ❖ Әдеп нормалары —
- ❖ сенім —
- ❖ жауапкершілік —
- ❖ адалдық —
- ❖ имидж —
- ❖ Кәсіби мәдениет —
- ❖ серіктестік —
- ❖ келіссөз —
- ❖ ынтымақтастық —
- ❖ құндылықтар —
- ❖ сыпайылық —

3-тапсырма.

Кәсіби этиканың анықтамасын жазыңыз.

4-салыстыру тапсырмасы.

Кәсіби этика мен жалпы адамгершілік этиканы салыстырыңыз.

5-талдау тапсырмасы.

Іскерлік қарым-қатынас әдебінің негізгі белгілерін жазыңыз. Мысал келтіру: Өз өміріңнен кәсіби этикаға сәйкес бір мысал жазыңыз.

6-тапсырма.

Комикс жасау – «Кәсіби этика сақталған ұжым» және «Этика бұзылған ұжым» туралы екі түрлі шағын комикс сызыңыз.

7-тапсырма. Постер дайындау.

«Іскерлік қарым-қатынастың 5 алтын ережесі» атты инфографика жасаңыз.

8-тапсырма.

Мақал-мәтелді қолдану – бір мақал таңда да, оны кәсіби ортадағы нақты мысалмен түсіндіріңіз.

9-тапсырма. Стикер дизайны

«Этика сақта» деген ұранмен стикер үлгісін ойлап табыңыз.

10-тапсырма. Пікірталас.

«Этикасыз табысқа жетуге бола ма?» деген сұраққа екі түрлі дәлел ойлап жазыңыз.

11-тапсырма. Сәйкестендіру ойыны

«Этика қағидасы» мен «Әдеби кейіпкер» сәйкестендіріңіз.

Үй тапсырмасы:

- ❖ Жаңа сөздерді толықтырып жазып, сөзтіркестерін құрап, аударып, жаттап және 2-3 сөйлем жазыңыз.
- ❖ «Отан туралы», «Туған жер туралы» мақал-мәтелдерді жазып, аударып, жаттап алыңыз.
- ❖ Мәтінді оқып, мазмұнын айтыңыз.

**Назар
аударғандарыңызға
рақмет!**

17